

**Инфо-коммуникациялық технологиялар саласындағы  
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация  
министрлігінің қызметі туралы анықтама**

**1. Ақпараттандыру бойынша:**

«Электрондық үкіметті» дамыту индексі бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының есебіне сәйкес Қазақстан **38 орынға** ие болса (2010 жылы 46 орын болған), Дүниежүзілік экономикалық форумның АТ-2012 есебі бойынша желілік дайындық индексі бойынша **55 орынға** жетті.

**«Электрондық үкімет» және мемлекеттік қызметтерді  
автоматтандыру бойынша**

Қазіргі уақытта жеке және заңды тұлғаларға **219 интерактивті және транзакциялық қызметтер** ұсынылады, оның ішінде 100-і электрондық лицензиялау порталында және 119-ы «Электрондық үкімет» порталында ұсынылады.

«Электрондық үкімет» порталы қызметтерінің санына **77 мемлекеттік қызметтер** кіреді, олар мемлекеттік жинақтардың 21 түрі, мемлекеттік баж салығының 16 түрі, салық төлемдерінің 4 түрі, сондай-ақ Жол қозғалысы ережелерін бұзғандығы үшін айыппұлдарды төлеу.

Қызметтерді пайдаланушылардың саны 2010 жылмен салыстырғанда **2,7 есеге** артып, **587,5 мың** азаматтарды құрады. Берілген электрондық анықтамалардың саны **5,1 есеге** артты және олар **1 млн. анықтамаларды** құрады.

2011 жылы «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі барлық лицензия сатушы мемлекеттік органдарға енгізілді. 2012 жылы барлық жергілікті атқарушы органдарға енгізілетін болады. 2010 жылмен салыстырғанда жүйе арқылы 2,8 еседен артық электрондық лицензиялар берілді.

Рұқсат ету рәсімдерін оңтайландыру және автоматтандыру шеңберінде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен қоса «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер базасының ақпараттық жүйесін интеграциялау арқылы құжаттар санын **қысқарту** және артықтау қажетті құжаттардың тізбесінен **шығару** жөніндегі жұмыстар жүргізілуде.

Ағымдағы жылғы 1 сәуірден бастап орталық мемлекеттік органдардың **барлық лицензиялары** электрондық нысанда берілетін беріледі.

2012 жылы **87** ең талап етілетін рұқсат ету құжаттары автоматтандырылатын болады, қалғаны 2015 жылға қарай кезең-кезеңімен 100 % жетеді.

«Әлеуметтік маңызы бар қызметтер» түсінігі заңмен бекітілді, әлеуметтік маңызы бар қызметтерді іріктеу критерийі бекітілді, 31 әлеуметтік маңызы бар қызметтердің тізбесі бекітілді.

Елбасының Жолдауын іске асыру үшін ағымдағы жылы тағы 15 әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанға өткізу жоспарланып отыр.

2013 жылы барлық әлеуметтік маңызы бар қызметтер **100% автоматтандырылатын** болады. 2015 жылы барлық

мемлекеттік қызметтер «электрондық үкімет» порталы немесе ХҚКО арқылы көрсетілетін болады.

«Электрондық үкіметтің» архитектурасын қалыптастыру және жаңарту рәсімдерін бекіту және бұлыңғыр есептеуішке өткізу үшін «Ақпараттандыру туралы» заңға өзгеріс енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

### **Халыққа қызмет көрсету орталықтары бойынша**

Қазіргі уақытта ХҚКО **59** мемлекеттік қызмет көрсетілуде, 2012 жылы олардың көлемі **115** мемлекеттік қызметке артатын болады.

2011 жылы еліміздің **28 ХҚКО жаңарту** жүргізілді. Сонымен қатар мынадай жұмыстар жүзеге асырылды:

- халыққа қызмет көрсетудің кедергісіз қағидасы енгізілді және келушілер үшін қабылдау және мемлекеттік бажды төлеу уақытын Интернет арқылы брондау мүмкіндігімен қолайлы жағдай жасалды;

- халықты құжаттандыру және тіркеу бойынша талап етілетін қызмет көрсетудің уақыты 60-тан 20 минутқа дейін қысқарды;

- ХҚКО жұмыс сапасын клиенттер бағалайтын механизм көзделген, соның негізінде қызметкерлерді ынталандыру және жазаландыру жүзеге асырылады;

- мүгедектерге қызмет көрсету үшін жағдай жасалған (арнайы терезе, пандустер, шақыру кнопкасы орнатылған), сондай-ақ оларды жұмыспен қамту шаралары басталды. Бүгінгі таңда, ХҚКО 64 мүгедек адам жұмысқа қабылданды.

2012 жылдың соңына дейін аудандық деңгейдегі қалған **221 ХҚКО** жаңартылатын болады.

Қашықта орналасқан елді мекендердің тұрғындарына қызмет көрсететін **14 мобильді ХҚКО** пилотты режимде іске қосылды, 2012 жылы олардың саны 70-ке дейін жеткізілетін болады.

Ағымдағы жылы Астана, Алматы, Ақтау, Қарағанды қалаларында автокөліктерді тіркеу және жүргізуші куәлігін беру бойынша арнайы ХҚКО ұйымдастырылатын болады. 2013 жылы ұқсас арнайы ХҚКО барлық облыс орталықтарында ұйымдастырылады.

ХҚКО қызметін бақылау және халықпен кері байланысты қамтамасыз ету үшін Ахуалдық орталық құрылды. Сонымен бірге, ХҚКО-да мемлекеттік органдардың басшыларымен азаматтарды онлайн-қабылдауын жүргізу мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

Әлеуметтік сауалдарға сәйкес ХҚКО жұмысына халықтың қанағаттануы **76%** құрады.

### **Ақпараттық коммуникациялық салада білім беруді дамыту бойынша**

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, 2 R&D зертханалары (бұлыңғыр есептеуіш бойынша, ақпараттық технологиялар бойынша) құрылды, тағыда 2 R&D зертханаларын (роботтехникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша) ашу жоспарлануда және «Қазақ ақпараттық технологиялар зерттеу институты» ЖШС құрылды.

## **2. Телекоммуникация бойынша:**

Министрлік 2011 жылы келесі мақсатты индикаторларға қол жеткізді:

1) Байланыстың тіркелген желілері абоненттерінің тығыздығы 100 тұрғынға 25,9, яғни 4 млн. аса абоненттерді, оның ішінде ауылдық жерлерде 15,6 құрады;

2) Ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы 100 тұрғынға 141,5, немесе 23 млн. абоненттерді құрады;

3) Интернет желісіне тіркелген қолжетімділігі бар абоненттердің саны 1,2 млн. адамға жетті.

4) Интернет желісіне пайдаланушылардың тығыздығы 100 тұрғынға 53,4 немесе 8,7 млн. пайдаланушыларды құрады;

5) Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділігі бар пайдаланушылардың тығыздығы 100 тұрғынға 41,5 немесе 6,7 млн. пайдаланушыларды құрады.

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспарын іске асыру мақсатында Министрлік алдында келесі негізгі міндеттер қойылған:

**Телефондық байланыс және Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділік қызметтерімен Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарын 100 пайыздық қамту.**

Министрлік «CDMA технологияларын пайдаланумен ауылдық байланыстың телекоммуникация желілерін жаңарту және дамыту» жобасын сүйемелдеуде.

Ауыл тұрғындарының байланыс қызметтеріне деген қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында Қостанай, Жамбыл,

Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Алматы және Ақтөбе облыстары CDMA-450 желісінің базасында EVDO технологиясы бойынша Интернетке қол жеткізді.

**2013 жылдың соңына қарай** Қазақстанның барлық аймақтары Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділікпен қамтамасыз етілетін болады.

**FTTH технологиясы бойынша Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділік желісін салу**

Бұл жоба Астана, Алматы қалалары мен барлық облыс орталықтарындағы көп пәтерлі үйлер мен жеке құрылыстарды 100% қамтуды көздейді. Сондай-ақ, жалпы білім беру мекемелерін, әкімшіліктерді, министрліктер мен ведомстволарды, денсаулық сақтау объектілерін, республиканың мобильді байланыс операторларын қоса алғанда, барлық корпоративті клиенттерді FTTH желісіне қосу көзделуде.

Жобаның 1-кезеңін 2011 жылы іске асыру нәтижесінде:

1) Астана, Алматы, Семей, Жаңаөзен қалаларында және облыстық орталықтарда талшықтық-оптикалық абоненттік қолжетімділік желісі құрылды;

2) Астана, Алматы, Ақтау, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Петропавл, Талдықорған, Тараз, Орал, Өскемен, Шымкент қалаларында 170 962 абоненттік порттары сыйымдылығын енгізуді қамтамасыз ететін GPON жабдығын монтаждау аяқталды және пайдалануға қабылданды.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2011 – 2014 жылдар.

2012 жылы 300 мыңға жуық абонентті қамтамасыз ету жоспарлануда.

### **3G және 4G ұялы байланыс стандарттарын енгізу**

Қазіргі уақытта үшінші буынның 3G ұялы байланысының стандарты Астана, Алматы қалаларында және барлық облыс орталықтарында енгізілді.

2013 жылға қарай 50 мың адам саны бар елді мекендердің тұрғындарын, ал 2013-2014 жылдар кезеңінде – 10 мың адам саны бар аудан орталықтары мен елді мекендердің тұрғындарын қамтамасыз ету жоспарлануда.

Төртінші буынның LTE (4G) ұялы байланыс стандартын Қазақстан аумағында енгізу «Қазақтелеком» АҚ негізінде қамтамасыз етілетін болады:

2012 жылы – жобаны іске асыруға дайындау;

2013 жылы – Астана және Алматы қалаларында енгізу;

2014 жылы – барлық облыстық орталықтарда енгізу;

2015 жылы – 50 мыңнан астам елді мекендерді қамту;

2018 жылы – Қазақстан Республикасының аудандық орталықтарында.

### **3. Цифрлық телехабарды дамыту бойынша:**

«OTAU TV» жерсеріктік хабар тарату желісі 2011 жылғы 18 қаңтарда пайдалануға енгізілді.

Жерсеріктік телехабар тарату республика аумағын 100% қамтылуын қамтамасыз етеді, бұл тұрғындарға кез келген елді мекеннен қызметке қосылуға мүмкіндік береді.

Еркін қолжетімді отандық 32 телевизиялық және 5 радио арналармен қамтамасыз етілген. Ақылы негізде абонент әр түрлі жанрдағы 60 арнаға қосыла алады.

2012 жылғы мамыр басындағы жағдай бойынша абоненттер саны **130 мыңнан** асты. Соның ішінде мемлекеттік телеарналарға ұқсас эфирлік хабар таратулары жоқ 617 елді мекенде 5 500 үй шаруашылығы қосылды.

#### **4. Цифрлық эфирлік хабар тарату бойынша:**

Астана, Алматы, Қарағанды, Жезқазған, Жаңаөзен қалаларында бірінші кезең бойынша тестілік пайдалануға цифрлық эфирлік теле хабарларын тарату енгізілді.

1-кезең бойынша тұрғындарды қамту 23% құрайды.

Облыстық орталық деңгейінде және Астана, Алматы қалаларында 30 телеарнаның хабар таратуы қарастырылған. Орталық аудандарда және ауыл округтерінде – 15 телеарна.

Цифрлық эфирлік теле хабарларын тарату желісінің алдағы дамуы келесі кезеңдерде жүргізілетін болады:

2012-2013 жылдары – 56% тұрғындарды қамтумен 13 облыс орталықтарында және шекара жанындағы аудандарда (81 РТС) желіні салу.

2013-2014 жылдары – 80% тұрғындарды қамтумен шекара жанындағы аудандарда (404 РТС) желіні салу.

2014-2015 жылдары – 95% тұрғындарды қамтумен ішкі аудандарындағы (324 РТС) желіні салу.